

АККРЕДИТТЕУДІҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОРТАЛЫҒЫ



ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ
СТАНДАРТТАРЫ

Астана 2018

УДК 378
ББК 74.58
С 76

Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығының Сарапшылар Кеңесімен ұсынылған

Рецензенттер: педагогика ғылымдарының докторы, профессор К. Сарбасова, педагогика ғылымдарының докторы, профессор А. Саипов

С 76 Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеу Стандарттары: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеу Стандарттары.- Астана, 2018. -15 б.

ISBN 978-601-341-011-1

Осы стандарттар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеуді ұйымдастыру және жүргізуге арналған нормативтік талаптарды белгілейді

УДК 378
ББК 74.58

© АТҚО, 2018

Алғы сөз

1 «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы» Коммерциялық емес ұйымымен **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН**

2 «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы» Коммерциялық емес ұйымы директорының 2017 жылғы «06» қаңтардағы №1-Б бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3 АЛҒАШҚЫ РЕТ ЕНГІЗІЛГЕН

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңының нормалары іске асырылады

Осы стандарттар «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы» коммерциялық емес ұйымының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көбейтілмейді және таратылмайды

Мазмұны

Қолдану саласы	5
Нормативтік сілтемелер	5
Терминдер мен анықтамалар	6
Белгілер мен қысқартулар	8
1 – ші Стандарт	9
Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі және білім беру бағдарламаларын басқару	
2 – ші Стандарт	9
Білім беру бағдарламаларының мақсаттары	
3 – ші Стандарт	10
Білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны	
4 – ші Стандарт	11
Педагогикалық қызметкерлер және оқытудың тиімділігі	
5 – ші Стандарт	12
Білім алушыларды бағалау және үлгерім	
6 – шы Стандарт	13
Білім беру ортасы	
7 – ші Стандарт	14
Оқыту және білім беру	
Аккредиттеу стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібі және қолдану мерзімі	14
Библиография	14

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН СТАНДАРТТАРЫ

1 Қолдану саласы

1.1 Осы стандарттар техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) ұйымдарын мамандандырылған аккредиттеуді ұйымдастыру және өткізуге арналған нормативтік талаптарды белгілейді.

1.2 Осы стандарттарды меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ТжКБ ұйымдарын институционалды аккредиттеу кезінде қолдануға болады.

1.3 Осы стандарттарды ТжКБ ұйымы өз қызметін ішкі бағалау және тиісті ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін пайдалануға болады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылады:

2.1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

2.2. Қазақстан Республикасы «Техникалық реттеу туралы» 2004 жылғы 9 қарашадағы №603-II Заңы.

2.3. Қазақстан Республикасы «Сәйкестікті бағалаусаласындағы аккредиттеу туралы» 2008 жылғы 5 шілдедегі №61-IV Заңы.

2.4. 2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

2.5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлеріне қойылатын жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 Қаулысы.

2.6. «Сәйкестікті бағалау және аккредиттеудің стандарттық нысандары, аккредиттеуден кейінгі келісімдер саласындағы аккредиттеу құжаттарының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрінің 2008 жылғы 29 қазандағы № 430 Бұйрығы.

2.7. 2016 жылғы 16 наурыздағы Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиясы хаттамасымен бекітілген «Ұлттық біліктілік шеңбері».

2.8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша типтік оқу бағдарламаларын және типтік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрінің бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 72 бұйрығы.

3 Терминдер және анықтамалар

Осы стандартта терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Сәйкестікті бағалау саласындағы аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес пайдаланылады.

Бұларға қосымша, осы стандартта келесі анықтамалар белгіленген:

3.1. **Аккредиттеу органы** – олармен әзірлеген стандарттар (ережелер) негізінде стандарттарды (ережелерді) әзірлейтін және білім беру ұйымдарын аккредиттеуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

3.2. **Білім беру ұйымдарын аккредиттеу** - аккредиттеу органының аккредиттеудің белгіленген стандарттарына (ережелеріне) сәйкестігін олардың сапасы туралы шынайы ақпаратты беру және оны жетілдірудің тиімді механизмдерінің болуын растау үшін тану тәртібі.

3.3. **Базалық құзыреттілік** - өзіне және өз іс-әрекетіне бақылау жасау қабілеті, өзін-өзі ынталандыру үрдісі және өзін-өзі ұйымдастыру бейімділігі.

3.4. **Сыртқы сараптама** - бұл аккредиттеу органы мамандандырылған аккредиттеу стандарттары мен шарттарына негізделген, ТЖКБ ұйымы қызметінің барлық аспектілерін қамтитын рәсім, содан кейін мамандандырылған стандарттарға сәйкес немесе шарттардың сақталмағанына жөнінде шешім шығарылады.

3.5. **Қашықтан білім беру технологиялары** – білім алушыны және педагогикалық қызметкерді аралық (алыс қашықтықта) немесе толығымен аралық емес өзара әрекеттесу арқылы ақпараттық - коммуникациялық технологиялар мен телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып оқыту;

3.6. **Білім** - жеке және кәсіби қызметте қолданылатын нормалар, ақпараттар.

3.7. **Институционалдық аккредиттеу** – білім беру ұйымының сапасын аккредиттеу органының белгіленген стандарттарына және мәлімделген мәртебесіне сәйкестігін аккредиттеу органымен бағалау процесі;

3.8. **Біліктілік** - алынған мамандық бойынша белгілі бір қызмет түрін құзырлы орындау үшін дайындық деңгейі.

3.9. **Біліктілік** - еңбек нарығына арналған құзыреттіліктердің құндылығын ресми тану және жұмысқа орналасу құқығын беретін одан әрі білім алу және оқу.

3.10. **Құзыреттілік** - қызметкердің кәсіби қызметте білімін, икемділігін және дағдыларын қолдану қабілеті.

3.11. **Бағалау шарттары** - ТЖКБ ұйымының қызметіне аккредиттеу өткізілетін көрсеткіштер жиынтығы.

3.12. **Оқу** – білім алушылар ментәрбиеленушілердің білімдерін, дағдыларын, қабілеттерін және құзыреттіліктерін игеру, қабілеттерін дамыту, күнделікті өмірде білім алуда тәжірибе алу және өмір бойы білім алуға ынталандыру мақсатындағы іс-әрекеттерді ұйымдастыруға бағытталған мақсатты процесс;

3.13. **Білім беру бағдарламасы** - білім берудің мақсаттарын, оқытудың нәтижелері мен мазмұнын қоса алғанда, білім берудің негізгі сипаттамаларының жиынтығы, оқу үдерісін ұйымдастыру, оларды жүзеге асыру тәсілдері мен әдістері, оқу нәтижелерін бағалау шарттары;

3.14 **Салалық біліктілік шеңбері** - салада танылған біліктілік деңгейінің құрылымдық сипаттамасы.

3.15. **Кәсіптік білім** – білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызметті жүргізуіне және (немесе) нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді алуына бағытталған білім беру түрі;

3.16. **Кәсіби стандарт** - біліктілік деңгейіне, құзыреттіліктерге, мазмұнға, сапаға және еңбек жағдайына қатысты кәсіптік қызметтің белгілі бір саласын анықтайтын стандарт.

3.17. **Кәсіби құзыреттілік** - бұл еңбек саласының талаптарына сәйкес тиісті түрде әрекет етуге дайындық және қабілет, міндеттер мен проблемаларды әдістемелік ұйымдастырылған түрде және өздігімен шешу, сондай-ақ өз қызметінің нәтижелерін өздігінен бағалау.

3.18. **Кәсіби құзыреттілік** - кәсіби қызметті нәтижелі жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, дағды, қабылет және білім, сонымен қатар жеке қасиеттер негізінде маманның кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеттілігі.

3.19 **Өзін-өзі бағалау процедурасы** - өзін-өзі бағалау туралы есеп дайындалатын институционалдық немесе мамандандырылған аккредиттеудің стандарттарына және шарттарына негізделген ТЖКБ беру ұйымы жүргізетін ішкі бағалау процесі.

3.20 **Аккредиттеудің стандарттары (ережелері)** - аккредиттеу рәсіміне қойылатын талаптарды белгілейтін аккредиттеу органының құжаттары.

3.21 **Мамандандырылған аккредиттеу** - білім беру ұйымы жүзеге асыратын жеке білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау.

3.22 **Техникалық және кәсіптік білім** - білікті жұмыс кадрлары мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған білім;

3.23 **Біліктілік деңгейі** - стандартты емес еңбек әрекеттеріне, жауапкершілік және тәуелсіздікке күрделілік параметрлері бойынша сараланатын, қызметкерлердің біліміне, қабылеттілігіне, дағдыларына және кең құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар.

4 Белгілер мен қысқартулар

Осы стандартта төмендегі таңбалар мен қысқартулар қолданылады:

АК – Аккредиттеу кеңесі

ТжКБ – Техникалық және кәсіптік білім

МЖМББС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

«АТҚО» КЕҰ – «Аккредиттеудің тәуелсіз Қазақстандық орталығы»

Коммерциялық емес ұйымы

ССТ – сыртқы сарапшылар тобы

1-ші Стандарт: Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі және білім беру бағдарламаларын басқару

Білім беру бағдарламасының сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі білім алушылардың әлеуметтік қажеттіліктері мен талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ өз қызметіне бағалау үшін жұмыс істейді.

Бағалау шарттары:

- білім беру бағдарламасының сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі білім алушылардың әлеуметтік қажеттіліктері мен талаптарын қанағаттандырады, сондай-ақ өз қызметіне бағалауды жүргізеді;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі іске асырылатын бағдарламаның сапасын үздіксіз жақсарту үшін жоспарлау, іске асыру, мониторинг және кейінгі іс-қимыл кезеңін қамтиды;
- сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі ресімделген (саясат, рәсімдер және құрылымдар құжатталған);
- барлық мүдделі тараптардың қатысуымен сапаны қамтамасыз ету саясаты үнемі қайта қаралады және жетілдіріледі;
- бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылатын процестер жайында қажетті және тиісті ақпараттарды кері байланыс тетіктері арқылы білім беру бағдарламасын жетілдіру жоспарында қажетті жетілдіруді енгізу үшін жинайды;
- ішкі және сыртқы мүдделі тараптар сапаны қамтамасыз ету процесіне қатысады;
- барлық мүдделі тараптарға білім беру бағдарламасының сапасын ішкі қамтамасыз ету жүйесі жұмысының нәтижелері туралы ақпарат беріледі;
- білім беру бағдарламасы сапаны қамтамасыз ету саласындағы басқа да білім беру бағдарламалары бойынша үздік тәжірибелерді таратуды қамтамасыз етеді.

2-ші Стандарт: Білім беру бағдарламасының мақсаты

Білім беру бағдарламасының мақсаты мемлекеттік басымдықтарға және экономикалық дамуға байланысты колледждің миссиясына, стратегиясына және міндеттеріне сәйкес келеді.

Бағалау шарттары:

- білім беру бағдарламасының мақсаттары мемлекеттік басымдықтармен, елдің және өңірдің еңбек нарығы мен экономикасының қажеттіліктерімен байланысқан;

- білім беру бағдарламасының мақсаттары айқын және дәл анықталған, олар колледждің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді;
- білім беру бағдарламасының мақсаттары академиялық және кәсіптік талаптарға сәйкес келеді;
- білім беру бағдарламасының мақсаттары барлық мүдделі тараптардың қатысуымен әзірленіп, жүзеге асырылады;
- білім беру бағдарламасының мақсаттары білім беру бағдарламаларын іске асыруға қатысатын барлық ұжыммен бөліседі, барлық мүдделі тараптар үшін жарияланған және қол жетімді;
- білім беру бағдарламасының мақсаттары мүдделі тараптардың қатысуымен жүйелі түрде қайта қаралады;
- білім алушылардың, жұмыс берушілердің, түлектердің және басқа да әлеуметтік серіктестердің пікірлері ескеріле отырып, мақсаттар мен оқу нәтижелері жаңартылады.

3-ші Стандарт: Білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны мемлекеттік талаптарға және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

Бағалау шарттары:

- білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны Қазақстан Республикасының заңнамасына және бағдарламаларды әзірлеу мен бекітудің ішкі ережелеріне сәйкес әзірленеді және бекітіледі;
- білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді;
- білім беру бағдарламасының мазмұны еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып әзірленген;
- күтілетін оқу нәтижелеріне жету үшін мазмұн көлемі жеткілікті;
- күтілетін оқу нәтижесі білім алушылар мен басқа да мүдделі тараптардың талаптарына жауап береді;
- білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны оқытудың кредиттік-модульдік технологиясын ескере отырып құрылады;
- білім беру бағдарламасының мазмұны қазіргі заманғы өзекті ғылыми-техникалық әзірлемелер мен жетістіктерді ескере отырып құрылады;
- бағдарламаның мазмұны білім алушыларментәжірибелік дағдыларды алуға бағытталған;
- білім алушылардыңжүктемесі сыныптық, тәжірибелік және өндірістік жұмыс тұрғысынан оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді;
- білім беру бағдарламасы міндетті пәндермен (модульдер) және білім беру ұйымдарымен анықталатын пәндермен (модульдермен) қоса, қосымша оқу мен консультацияларды қамтиді;

- білім беру бағдарламасының мазмұнында пәнаралық, интегративтік байланыстар көрініс тапқан;
- әр пәннің оқу жоспары мен жұмыс бағдарламасы білім беру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес келеді;
- оқыту және бағалау әдістері күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді;
- білім беру бағдарламасының мазмұны белгілі бір тетіктер мен рәсімдер жиынтығының көмегімен жүйелі түрде қайта қаралады, жаңартылады және бекітіледі;
- білім беру бағдарламасының мазмұнында Жұмыс және кәсіптердің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығының талаптары көрініс тапқан;
- өндірістік оқытудың және кәсіптік тәжірибенің мазмұны (таныстыру, білім беру, технологиялық, өндірістік, диплом алдындағы) ТжКБ берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көрсетілген біліктілік деңгейіне және көлеміне сәйкес келеді;
- білім беру бағдарламасы еңбек нарығының талаптарына сәйкес жаңартылады;
- оқу нәтижесі мен құзыреттілік біліктілік деңгейінде ғана емес, жеке модульдер және әрбір оқу пәндері деңгейінде сипатталуы қажет;
- білім беру бағдарламаларының тәрбиелік компоненттері ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге, патриотизм мен азаматтылықты қалыптастыруға, білім алушының әртүрлі қызығулықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған;
- білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұны ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың қатысуымен әзірленеді.

4 – ші Стандарт: Педагогикалық қызметкерлер

ТжКБ ұйымы біліктілігі білім беру бағдарламасының мақсаттарына жетуге үлес қосатын педагогикалық қызметкерлерді қамтамасыз етеді.

Бағалау шарттары:

- ТжКБ ұйымында жоғары білікті оқытушы мамандарды жалдауға ынталандыратын саясат пен рәсімдер бар;
- ТжКБ ұйымы тәжірибесі бар оқытушылардың қажетті санын тартады;
- ТжКБ ұйымы білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып, оқытушылар құрамының сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- ТжКБ ұйымында оқытушылар құрамының кәсіби қажеттіліктерін анықтауға және дамытуға, сондай-ақ педагогикалық қызметкерлерді ынталандыру жүйесіне ықпал ететін педагогикалық қызметкерлерді жүйелі бағалау тетіктері мен рәсімдері бар;

- ТжКБ ұйымында ТжКБ берудің барлық қызметкерлерімен сақталатын педагогикалық қызметкерлер мен әкімшілік қызметкерлерінің Ар-намыс Кодексі жұмыс істейді;
- ТжКБ беру ұйымы өндіріс саласының мамандары мен педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін білім беру бағдарламасы мен оқытылатын пәндердің профиліне сәйкес келуін қамтамасыз етеді;
- білім беру бағдарламасында, қажет болған жағдайда, экономиканың тиісті секторында тәжірибесі бар оқытушылары бар;
- педагог қызметкерлерінің жұмыс жүктемесі әр түрлі жұмыс түрлерін қамтиды;
- оқытушылар әр жылдық жеке жұмыс жоспарына сәйкес оқу, әдістемелік, ғылыми-зерттеу және тәрбие жұмысын жүргізеді; әртүрлі қызмет түрлері арасында жүктемені бөлу балансы сақталады;
- ТжКБ беру ұйымында педагог қызметкерлерінің кәсібилігін бақылау жүйесі жұмыс істейді;
- жас оқытушыларға қолдау көрсетіледі;
- педагогикалық құрам өздері жүзеге асыратын білім беру бағдарламасының жұмыс жағдайына және сапасына қанағаттанған;
- педагогикалық құрам АТ-құзыреттілігін көрсетеді;
- колледж оқытушылары оқу үдерісінде жүргізілетін зерттеулер нәтижелері (егер қолданылатын болса) жайында ғылыми-әдістемелік басылымдар мен журналдарда мақалалар жариялайды, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысады;
- педагог қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлері оқытудың заманауи әдістерін қолданады және инновациялық технологияларды қолданады;
- педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлері ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізе алады;
- педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлері сапаны қамтамасыз ету бойынша жұмыстарға қатысады.

5-ші Стандарт: Білім алушыларды бағалау және үлгерім

Білім беру бағдарламасы күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін бағалау жүйесін қамтамасыз етеді.

Бағалау шарттары:

- білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағалаудың нақты және сенімді жүйесі пайдаланылады, бағалаудың шарттары мен стандарттары білім алушылар мен оқытушылар құрамына қол жетімді;
- біліктілікті алуға бағытталған оқу нәтижелеріне қол жеткізудің нақты тетіктері бар;
- оқытудың нәтижелерін бағалау рәсімдері, процестері мен шарттары айқын;

- ТЖКБ ұйымымен оқудың бастапқы кезеңінде білім алушылардың білімдерін, қабылеттерін және дағдыларын бағалау жүргізіледі;
- білім алушыларды бағалау жүйесін өзгерту және жетілдіру тетіктері жұмыс істейді;
- ТЖКБ ұйымында шағымдар мен өтініштерді алу рәсімдері жұмыс істейді;
- академиялық адалдыққа және плагиатты қадағалауға ықпал ететінакадемиялық адалдық принциптері білім беру бағдарламасында анықталған;
- бағалау әдістері оқу нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал етеді;
- әдістемелік қолдау көрсетуге олардың қажеттіліктерін анықтау үшін білім алушылар үлгерімін бақылаудың тиімді жүйесі бар;
- білім алушылардың үлгерімі туралы статистикалық мәліметтері бар;
- осы білім беру бағдарламасы шеңберінде жұмысқа орналасу туралы мәліметтер бар;
- жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының түлектерінің құзыреттерімен қанағаттануы туралы мәліметтер бар;
- білім беру бағдарламасы шеңберінде сынақтар мен емтихандарға және пәндерді қайтадан тапсыруға қойылатын талаптар туралы бекітілген ережелер қолданылады.

6 – шы Стандарт: Білім беру ортасы

Білім беру бағдарламасы оқуды ынталандыратын білім беру ортасын құру үшін жағдайлар жасайды

Бағалау шарттары:

- білім беру бағдарламасының ресурстары өзінің миссиясы мен стратегиялық жоспарларына сәйкес бағдарламаны іске асыру үшін жеткілікті;
- бағдарламаның барлық студенттері уақтылы және жүйелі түрде ақпараттық-әдістемелік көмек алады;
- студенттерге бағдарлама шеңберінде тиімді оқытуға ынталандыратын сыныптан тыс іс-шаралар арқылы мүмкіндік беріледі;
- білім алушылардың ақпараттық ресурстарға еркін қол жетімділігі;
- басшылықпен оқу үрдісіне ақпараттық технологиялар, технологиялық оқыту құралдары енгізілген;
- ББ бағдарламасы шеңберінде инновациялық оқыту технологиялары әзірленуде және енгізілуде, оның ішінде АКТ негізінде.

7 – ші Стандарт: Оқыту және білім беру

Білім беру бағдарламасы шеңберінде жүргізілетін оқыту, оқытудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етеді

Бағалау шарттары:

- білім беру бағдарламасы шеңберінде нақты анықталған күтілетін оқу нәтижелеріне жетуді қамтамасыз ететін оқу әдістері және оқыту тәсілдері;
- күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін оқыту мен білім беруге халықаралық деңгейде танылған прогрессивті тәсілдер қолданылады;
- білім беру бағдарламасының шеңберінде белсенді оқыту әдістері мен инновациялық оқыту әдістері енгізілуде және қолданылуда;
- білім беру бағдарламасының шеңберінде оқыту мен білім беру әдістерін бағалау тетіктері бар;
- біліктілікті арттыру, кәсіби даму жүйесі бар.

Аккредиттеу стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібі және қолдану мерзімі

ТЖКБ білім беру бағдарламаларын аккредиттеудің қолданыстағы стандарттарына өзгертулер мен толықтыруларды «АТҚО» КЕҰ-мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ТЖКБ саласы саясаты аясында оны одан әрі жетілдіру және жаңарту мақсатында жасалады.

Аккредиттеу стандарттарына және шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу бастамасы болған жағдайда «АТҚО» КЕҰ-на ұсыныстар мен ескертулер жіберіледі.

«АТҚО» КЕҰ-ның сарапшылары ұсыныстар мен ескертулерді сараптамадан өткізгеннен кейін, «АТҚО» КЕҰ өзгерістер мен толықтыруларды енгізеді және стандарттар мен шарттар жаңа редакцияда шығарылып, аккредиттеу органының веб-сайтында орналастырылады.

Библиография

[1] «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

[2] «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы N 603-II Заңы.

[3] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі № 204 бұйрығымен бекітілген «Білім беру қызметіне лицензия беру» мемлекеттік қызмет стандарты.

[4] Еуропалық жоғары білім аумағында сапаны қамтамасыз ету жүйелерінің стандарттары мен басшылықтары. Еуропалық Жоғары білім

беру сапасын қамтамасыз ету қауымдастығы. 2006, Астана, ҚР БҒМ ҰАО, 36 б.

[5] Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы № 520 бұйрығымен бекітілген 2014-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің стратегиялық жоспары.

[6] Еуропалық Кеңестің 2002 жылдың 12 қарашасындағы «Еуропадағы кәсіптік білім беру және оқыту саласындағы ынтымақтастықты дамыту туралы» Шешімі.

[7] Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 «Білім берудің тиісті деңгейлеріне қойылатын жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 Қаулысы.

[8] 2016 жылғы 16 наурыздағы Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиясы хаттамасымен бекітілген «Ұлттық біліктілік шеңбері».

[9] Кәсіби стандарттарды әзірлеу, қайта қарау, апробациядан өткізу және қолдану Ережелері, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 2012 жылғы 24 қыркүйектегі № 374-ө-м. бұйрығы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылғы 19 қазандағы № 8031 тіркелген.